



Бүгін – Конституция күні

ПРЕЗИДЕНТ



ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

Конституция күні қарсаңында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнаулы мандатқа ие омбудсмендермен және құқық қорғау құрылымдарының өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесуде Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде жүргізілген ауқымды конституциялық реформалардың нәтижесі туралы айтты. Президенттің айтуынша, Ата Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар мемлекетті басқару моделін жаңғыртуға негіз болды. Конституциялық реформа барысында құқық қорғау саласына баса мән берілді.

Конституциялық Сот алғашқы 7 айдың ішінде 43 істі қарады. Соның 23-і бойынша тиісті шешім шығарылды. Президент азаматтардың Конституциялық Сотқа тікелей жүгінуге мүмкіндік алғанын атап өтті. Бұрын мұндай құқыққа білді институттары ғана ие болған еді.

Мемлекет басшысы азаматтардың омбудсмендермен қарым-қатынасы жандана түскеніне назар аударды. Өтініштердің саны екі есе артты.

2-бет

ҮКІМЕТ

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

ҚР Премьер-министрі Ә.Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде 2024-2028 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы, «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заңдарының жобалары, геология саласын дамыту мәселелері қаралды.

2-бет

САЛТАНАТ

АТА ЗАҢ АРДАҚТАЛҒАН СӘТ



Биыл ел Конституциясының қабылданғанына 28 жыл. Мемлекет үшін айтулы мереке әрбір қазақстандық үшін айрықша маңызға ие. Сыр елінде де Ата Заңды ұлықтаған мерейлі сәт Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында өтті. Салтанатты жиында Мемлекеттік Ту аясында еліміздің Әнұраны шырқалды.

СБ Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев барша Сыр жұртшылығын маңызы зор мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Конституция күнімен құттықтады. Аймақ басшысы Тәуелсіздік жылдарында құқықтық жүйенің тиімділігі арқасында еліміз әлеуметтік-экономикалық дамуда әлеуетті табыстарға қол жеткізіп,

іргелі мемлекеттер қатарына қосылғанын атап өтті.

Бүгінде ынтымағы жарасқан, берекесі арқан өңірімізде Мемлекет басшысы тапсырмаларын іске асыруда, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси және рухани-мәдени салада оң динамика бар. Президентіміз бен Үкіметтің Сыр өңірін

ерекше қолдауының арқасында биылғы тамыз айында облыс бюджетінің көлемі 604 млрд 100 млн теңгеге жетті. Өткен жылдың қаңтар айымен салыстырғанда бюджет 220 млрд теңгеге, яғни 56,2 пайызға көбейді. Бұл ауқымды қаражат аймағымыздың ең өзекті деген мәселелерін шешуге, облыс тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға жұмсалады. Аймақта құрылыс жұмыстарының көлемі 48 пайызға, инвестициялар тарту 24,2 пайызға, сауда көлемі 3,9 пайызға, пайдалануға берілген тұрғын үйлер көлемі 2 пайызға және ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 1,1 пайызға артты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жалпыұлттық бірінші жобалар пулы қалыптасып, оған құны 979,7 млрд теңгеден асатын 46 жоба енгізілді. Индустриаландыру аясында өңірде құны 607,7 млрд теңгені құрайтын 34 жоба жүзеге асырылуда. Соған сай 6,3 мың жұмыс орны құрылатын болады, – деді облыс әкімі.

Салтанатты іс-шарада өңірдің дамуына үлес қосқан бірқатар азаматқа марапат табысталды. Айта кетейік, өткен жылдан бері маңызды мерекелік шараларда «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағын беру дәстүрге айналды. Бүгінгі салтанатта «Қызылорда облысының Құрметті азаматы» атағы 1990-1993 жылдары Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің, 1995-1999 жылдары Парламент Сенатының депутаты ретінде Тәуелсіз еліміздің алғашқы заңдарының қабылдануына атсалысқан, өңіріміз бен еліміздің өсіп-өркендеуіне ерекше үлес қосқан «Құрмет» орденінің иегері, Арал, Жалағаш, Қармақшы аудандарының Құрметті азаматы, ҚР еңбегі сіңген эколог Бигали Қаюповқа табысталды.

Марапат иесі көрсетілген құрметке алғыс білдірді. Сонымен қатар, бірқатар белсенді азаматтар марапат иеленді.

2-бет

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер! Сіздерді Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтаймын!

Еліміздің Ата Заңы мемлекеттілігіміздің берік іргетасын қалап, ішкі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге және Қазақстан қоғамын біріктіруге негіз болып келеді. Былтыр Конституцияға өзгерістер енгізу жөніндегі жалпыұлттық референдум өтіп, халқымыз, оның ішінде Сыр жұртшылығы жан-жақты жаңғыруға бағытталған ауқымды реформаларға барынша қолдау көрсетті. Бетбұрысты сәтте заңды құқықтарын пайдаланып, өздерінің ұстанымдарын білдірді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Референдум қорытындысы біздің мемлекеттілігіміздің тарихында мүлде жаңа дәуір басталғанын көрсетеді. Халқымыз өз таңдауын білдіру арқылы түбегейлі бетбұрыс жасауға ұмтылысын көрсетті. Жасампаз ел болуға деген ықылас-ынтасын байқатты» деп атап өтті.

Конституцияда жазылған заң үстемдігі, құқықтар мен бостандықтардың мүлтіксіз сақталуы, әлеуметтік кепілдіктер мен жалпы адамзатқа ортақ жоғары құндылықтар даму мен жаңғырудың нақты бағдарын айқындайды. Ал Ата Заңға енгізілген өзгерістер мемлекеттілігіміздің тұғырнамасын түбегейлі өзгертіп, бүкіл қоғамның дамуына тын серпін берді.

Конституциялық реформалардың басты міндеті халықтың әл-ауқатын арттыру, мемлекеттілігімізді мейлінше нығайту және қоғамды үйлесімді дамыту болып белгіленген. Бұған әрқайсымыз атсалысып, қолдау көрсетіміз керек.

Бүгінгі мерекеде қастерлі Тәуелсіздігіміздің, ел бірлігі мен қоғамдағы келісімнің тұғыры биік болғай деп тілеймін. Еліміз аман, еңбегіміз жемісті болсын!

**Құрметпен,
облыс әкімі Н.НӘЛІБАЕВ**



МАЙДАНГЕР ӘУЛЕТІ МАРАПАТ БИГІНДЕ

«Отан отбасынан басталады» деген халқымыз қашанда отбасының береке-бірлігін сақтауды өсиет еткен, жарасымды жұптарды үлгі тұтып, өсіп-өнген, өнегелі шаңырақты насихаттаудан жаңылған емес. Республика көлемінде өтетін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы – осы мақсаттағы шаралардың бірегейі. 2014 жылдан бастау алған байқау ұлттық болмысты бойына жиған, отбасы құндылықтарын дәріптеуге үлес қосып жүрген талай өнегелі отбасыны елге танытуға мүмкіндік беріп келеді.

СБ Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»



Дүйсенбіде отбасы құндылықтарын дәріптеген, шаңырақтың шырайын кіргізіп, түтінін түзу ұшырған өнегелі отбасылардың тағы бір легі марапат биігінен көрінді. Нақтырақ айтқанда, «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауына қатысқан үлгілі отбасылардың қатары толықты.

«Достық үйінде» өткен ұлттық байқаудың облыстық жеңімпаздарын марапаттау салтанатында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жеңімпаздарды құттықтап, елімізде түп-тамырын ұлттық құндылықтардан алатын отбасы институтының орны ерекше екенін айтты. Бірлікті берік ұстанған, берекені еңбектен тапқан әулеттерге құрмет көрсетті.

Әуелден отбасы құндылығына аса мән берген қазақ үшін Отан, шаңырақ – ең киелі, құдіретті ұғым. Ал отбасы – мемлекеттің іргетасы. Оның берік әрі нық болуы – елдің дамуы мен келешегінің өлшемі. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Халқымыз қай заманда отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген. Үлкенге құрмет, кішіге ізет – біздің қанымызға сіңген қасиет. Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деген болатын.

3-бет

САПАР

ШИЕЛІ: МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚОС ҚУАНЫШ

Конституция күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Шиелі ауданына жұмыс сапарымен барып, жаңа денешынықтыру-сауықтыру кешенінің салтанатты ашылуына және тұрғындарға пәтер кілтін табыстау рәсіміне қатысты. Іс-шараларда Қызылорда облысының Құрметті азаматы Мұрат Бактиярұлы болды. Аймақ басшысы алдымен тұрғындарды спорт нысанының ашылуымен құттықтады.

2-бет



Суреттерді түсірген Б.Есжанов

